

ӘОЖ 930

**АБАЙДЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МЕН
ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ОЙЛАР**

Сатанов Арстан Болатович

arstanbs@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Тарих факультетінің докторанты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Г.Т. Мусабалина

Ғылым мен техника қарқынды дамыған талабы күшті бүгінгі заманда жоғары интеллектуалды жастарды жан-жақтылыққа, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, жеке тұлғалық қасиеттерін ояту, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіру, олардың потенциалдық деңгейінің көтерілуіне үлес қосу, бәсекеге қабілеттіліктерін шыңдау қажырлы еңбекті талап ететін іс. Білім беру саласының осы ең өзекті талабын орындау – әрбір ұлтжанды азаматтардың ел алдындағы қасиетті парызы әрі киелі міндеті. Осы орайда 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасына сай ҚР Білім және ғылым министрі А.Қ.Аймағамбетов «алғаш рет мемлекеттік бағдарламада тәрбие беру – отбасылық құндылықтарды насихаттау мәселесін мектеп пен ата-ана қатынасының жаңа форматын қалыптастырамыз», - деді. [1].

2017 жылғы 12 сәуірде Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» [2] атты бағдарламалық мақаласын жариялап, онда қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты бағыттарын айқындап берген еді. Мемлекет Басшысының бастамасымен басталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы [2], бұл – шын мәнінде, ұлттық деңгейдегі ауқымды жоба. Ол қоғам дамуының барлық салаларын қамтитындығымен ерекше. ХХІ ғасырдағы ұлттық сананы жаңғыртудағы басты бағыттардың бірі – білімнің салтанат құруы деп анықталды.

Жаңғыру – салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды ұмытып, тарихтан қол үзіп, жаңа құндылықтарға жол ашу деген мағынаны білдірмейді. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды қазіргі кездегі оң бастамалармен ұштастырып дамытуды көздейтін үрдіс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Өйткені, ұлы ойшыл осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын ұлтты өзгертуге, жаңаруға, жаңа өмірге бейімделуге, бір сөзбен айтқанда рухани жаңғыруға шақырды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі», - деген сөзі ұлы ақын тұжырымдарының әрқашанда өзекті болатынын айқындайды [2].

Сондықтан да зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты – Абайдың туындыларын тарихи дереккөзі ретінде интерпретациялап, ақынның өз уақыты мен мәдени ортасы перспективалары тұрғысынан жазған шығармаларының ішіндегі мәнін түсіндіруге талпыну. Содан кейін Абайдың шығармаларына талдау жасап, бүгінгі білім мен тәрбие үшін қаншалықты маңызды екенін дәлелдеу, қазіргі таңда Абай тұжырымдарының өзектілігін анықтау.

Абайдың туындыларына көз жүгіртсек, оның әрқашанда елдің алға ілгерілеуіне, өсіп-өркендеуіне үлкен мән бергенін, осы идеяны барынша дәріптегенін аңғарамыз. Ал, алға жылжудың негізі білім мен ғылымды игеруде екенін баршамыз білеміз. Абай қазақтың дамыл таппай оқып-үйренуді өз шығармаларында насихаттады. «Ғылым таппай мақтанба» [3], - деп, білімді алмайынша, өркениетті елге айнала алмайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» [3], - деген күдіретті сөзін жоғары бағалап, жас өскелең ұрпақтың бойына сіңіруіміз керек.

Абай жоғары бағалаған маңызды істердің бірі – тіл үйрену болды. Ақын 25 қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді [4]. Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де, оның тілін меңгерудің маңызы зор. Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне, мәртебесін арттыруына назар аударуымыз керек. Сондықтан да «Рухани жаңғыру» [2] бағдарламасының 6 бағытының біріншісі – қазақ әліпбиінің латын графикасына көшуі деп анықталды. Елбасымыз атап өткендей, бір жағынан – латыншаға көшудің терең тарихи негіз бар, екінші жағынан – әлемде технология мен коммуникация дамуының заманауи қажеттіліктерін көрсетеді. Сонымен қатар қазіргі латын графикасы жаңа технологиялармен, компьютермен, цифрландырумен байланыстырылады.

Бүгінгі таңда ағылшын тілін үйренуге де көңіл аудару қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері анық. Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Қоғам дамуының барлық салаларында жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы инновациялар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кез туды. Заман көшіне еріп, алға жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз қажет. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді.

2020 жылдың қаңтар айының 21-24 жұлдызы аралығында Швейцарияның Давос қаласында Дүниежүзілік экономикалық форум өтті. «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) делегациясы да Давостағы форумға қатысты. Форумда ХХІ ғасырдың ең маңызды дағдылары жарияланды: күрделі проблемаларды шешу, сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық ойлау, адамдарды басқару, ынтымақтасу, эмоционалды интеллект, шешім қабылдау және бағалау, қызмет көрсетуге бейім болу, қарым-қатынас жасау, танымдық икемділік [5]. Егер біз Абайдың шығармашылығын терең зерделесек, оның ХІХ ғасырда-ақ осы дағдылар жөнінде жазғанын аңғарамыз. Мәселен, Абай өз заманының атақты би-болысы болды, ол қоғамда туындаған көптеген саяси, экономикалық, қоғамдық мәселелерді шешуге тырысты, сол арқылы елді басқару ісіне қомақты үлес қосқан болатын. Осы қызметте Абайдың қиын да өткір мәселелерді шешкені, әр түрлі қарама-қайшылыққа толы істердің шешімін тапқаны, адамдармен жақсы қарым-қатынас пен олардың бойындағы түрлі эмоцияларды шебер түсінгенін байқаймыз. Ал Абайдың Батыс, Шығыс және дәстүрлі қазақ рухани мұралары – әдеби туындыларды оқып, одан асыл ой мен мағына шығара білгенін есепке алсақ, оның қаншалықты танымдық қабілетінің жоғары екенін түсіне аламыз.

Абай қазақ халқының кейбір әдеттеріне көңілі толмады, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» [3], - деп сыни көзбен қарап, қоғамның дамуы үшін тежеу салған құбылыстарды анықтай, ашық түрде көрсете білді. Ақын қазақ халқын жиіркенішті әдеттермен күресіп, түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына дамудың түзу әрі дұрыс жолын көрсетті. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді.

Сондықтан да Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің белгісі. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын тәлім-тәрбиенің қайнар көзіне айналуы қажет. Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның тарихи мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, адамгершілікті және ізгілікті, білім мен ғылымды қадірлеудің негізі. Сондықтан, азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқуды, ақын өлеңін жаттауды насихаттауымыз жөн. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Жаңа Қазақстанның негізін жаңа қоғам қалыптастырып, дамытаныны белгілі. Сондықтан да, ең алдымен, ұлтымыздың қадір-қасиеті мен абыройын арттырып, еліміздің әлемде бәсекеге қабілеттілігін жетілдіруге ерекше мән беруіміз керек. Сондай-ақ, қоғамның дамуына кедергі келтіретін, ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастығымызға, бейбіт өміріміз бен болашақ гүлденуімізге іріткі салатын жағымсыз сипаттардан арылу қажет. Бүгінгі күні дүние жүзінің бірқатар зерттеушілері классикалық капитализм дағдарысқа тап болғанын ескертіп, оның болашағына күмәнмен қарайды. Өйткені әлемде бай мен кедейдің, білімді мен білімсіздің, қала мен ауылдың арасындағы айырмашылық артып, олар бір-бірінен алшақтап бара жатыр. Бұл үдерістің қарқыны барған сайын күшейіп келеді. Бизнес тек пайда көздесе, білімділер бөлек орта қалыптастырды, әрқайсысы өздері үшін ғана жауапкершілік арқалайтын болды. Қалалар тез өсіп-өркендеп, шағын елді мекендердің дамуы қалып бара жатыр. Ғалымдар бұл факторлардың орын алуы әлеуметтік жауапкершіліктің әлсіз болғандығынан деп тұжырымдайды. Әлеуметтік жауапкершілік

қалай арттыруға болады. Осы сұрақтың жауабын Абайдың «Толық адам» концепциясынан іздеген жөн. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірі бойынша: «Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігіне сай келеді. Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау XIX ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты. Адам өмірі тұтасымен түрлі қарым-қатынастардан құралады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалмақ. Ал қарым-қатынас міндетті түрде өзара жауапкершілікті туғызады. Бұл жауапкершілік қара басының қамын биік қоятын өзімшілдік араласқан кезде бұзылады» [6]. Сондықтан Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» [3], – деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек жылы жүрек керек екенін айтады. Осы үш негізді ақын әрқашан біртұтас қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп тұжырымдайды. Сөйтіп бұл қазақ халқының өмірлік философиясына айналуы керек. Мектептен бастап, мұғалімдер оқушыларға осы бір «толық адам» концепциясын педагогикалық процессте дарыта білуі өте маңызды.

Қазіргі кезде Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеу қажет. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек.

Абай шығармашылығына негіз болған тақырыптың біреуі масылдықпен күрес болды. Ақын өз туындыларында уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай, сергек, еңбекқор, белсенді болуға шақырады. Ал бұл тек еңбек ету арқылы ғана жүзе асуы мүмкін. Сонымен бірге, орынды әрекет арқылы уайым-қайғыны жеңуге болатынын дәлелдеп, масылдықпен күрес жүргізудің психологиялық қыр-сырларына тоқталып кеткен. Қазіргі заманда педагог-психологтардың жиі айтып, сілтеп отырған «эмоционалды интеллектіге» сол арқылы болжам жасап, мәнін ашуға талпынған. Абай мақтаншақтық пен масылдық әдеттерінен арылып, қайраттанып еңбек етуді, талаптанып білім іздеуді насихаттады.

«Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады», - деп айтады Қасым-Жомарт Тоқаев [6]. Ұлы ойшыл өз шығармаларында кәсіпкерлік, қызмет көрсетуге бейім болу, қарым-қатынас жасауды үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс деңгейін жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырды. Сонымен қатар ақын жасампаздықты, кәсіптегі адалдықты жоғары бағалады. Мысалы, өзінің оныншы қара сөзінде «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?» [4], – деп тұжырым жасайды. Абайдың пікірі бойынша, капитал қалыптастыру үшін, табыс табу мақсатында қолөнер үйрену керек. Өйткені «мал жұтайды, өнер жұтамайды» (отыз үшінші қара сөз) [4]. Ұлы ақынның бұл тұжырымдары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де өзекті болып табылады. Сондықтан Қазақстан бүгінгі таңда шикізатқа тәуелді экономикадан арылуы қажет, шағын және орта бизнесті барынша өркендетуді негізгі басымдықтың бірі ретінде белгілеп отырмыз.

Ең алдымен, Абайды Қазақстанның мәдени капиталы ретінде бейнелеуіміз қажет. Бұл мектеп табалдырығынан басталуы керек. Өркениетті елдер қазақтың ұлттық ерекшеліктерін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани құндылықтарын әлемдік деңгейдегі біртуар тұлғаларының дәрежесімен, беделді бейнесімен бағалайтынын ескеруіміз дұрыс. Сондықтан, Абайды жаңа Қазақстанның брендті ретінде бүкіл әлемдік деңгейде кеңінен таныстыру қажет.

Абай шығармашылығын зерделеп, оның білім мен тәрбиеге қатысты тұжырымдаған ойларына назар аударсақ, келесідей нәтижелерді атап өтуге болады:

1. Адамның жетілуі, Абайдың көзқарасы бойынша, үш басты негізді анықтайды: ақыл, жүрек, қайрат. Қоғам мен халықтың тірегі осы қасиеттерді толық меңгерген тұлға болуы тиіс. Абай нағыз патриот болуға шақыра отырып, білім беру, ағарту, ғылым мен өнерді, қажырлы және жасампаз еңбекті ұштастыра отырып дамыту, қазақ халқының жарқын болашағымен, бәсекеге қабілетті болумен байланыстырды.

2. Абайдың көзқарасында ағартушылық адам мен қоғамды жетілдіру құралы ретінде қарастырылды.

3. Мәдениет әлемін игере отырып, адам қандай да бір идеялар мен құндылықтарды, тілдер мен мінез-құлық нормаларын қабылдайды. Бұл үрдісте Абай үшін ең бастысы – адамгершілік, адам өмірінің құндылығы, өмірде өз орнын табу болды. Абайдың ақыл-кеңестері мен адамгершілік өсиеттеріне жүгіну ұлтымызға адамгершілікті терең ұғынуға, әсіресе жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге көмектеседі.

4. Абай адамның адамгершілік қасиеттерін дамытуда тәрбиенің рөлін жоғары бағалай отырып, тәрбие мен білім берудің адамгершілік мақсаттарын анықтайды. Абайдың пікірінше, тәрбиенің жоғары мақсаты – жас ұрпақтың бойында еңбекқорлық мен патриоттық сезімдерді қалыптастыру, ал оқытудағы басты мақсат – әлемді тану, тілдерді меңгеру, кәсіби білім алу мен мамандық игеру.

5. Абай шығармашылығындағы «Адам бол!» концепциясының маңызы біріншіден, бұл -еңбексүйгіштік, екіншіден – білімге ұмтылу, ақылдылық, үшіншіден – ұстамдылық, төртіншіден – ар-ожданлық, бесіншіден – өзін-өзі тану, тәрбиелеу және тәртіпке үйрету.

6. Абай еңбек сүйгіштік, қолөнер, білім мен ғылымды игеруге, жасампаздыққа шақыру арқылы шикізатқа тәуелді экономикадан арылуды, шағын және орта бизнесті барынша өркендетуді, сол арқылы елді бәсекеге барынша қабілетті, өркениетті және дамушы ел болуына қол жеткізуге бағыттады.

Қорытындылай келе, Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы. [Электрон.ресурс]. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (жүгіну күні: 24.03.2020 ж).

2. 12 сәуір 2017 Мемлекет басшысының Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. [Электрон.ресурс]. – URL: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (жүгіну күні: 24.03.2020 ж).

3. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы (екі томдық). -Алматы: Көркем әдебиет, 2002. – 368 б.

4. Абай. «Қара сөз». – Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2015. -504 б.

5. Ирсалиев С.А., Мухамеджанова Г.Р. Форум прошел – вопросов стало больше. Как итоги ВЭФ-2018 могут отразиться на развитии систем образования в мире? / Научный руководитель МНК «Астана»: доктор исторических наук, профессор Шайхутдинов М.Е. [Электрон.ресурс]. – URL: <https://isca.kz/ru/homepage-ru> (жүгіну күні: 24.03.2020 ж).

6. 9 қаңтар 2020, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. [Электрон.ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy> (жүгіну күні: 24.03.2020 ж).